Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**
**Қыркүйек айы І апта**

**Топ: «Ботақан»** ересек топ
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 02.09 - 05.09. 2025ж
**Апта дәйек сөзі «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ»**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Сейсенбі** ***«Менің Қазақстаным» ҚРӘнұранын орындау*** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Күй күмбірі – баланы қазақтың ұлттық өнерімен қарсы алу, ұлттық рухты сезінуге баулу.* **«Қос алқа»** | *Күй тыңдату арқылы балалардың көңіл-күйін көтеріп, қабылдау сәтін әсерлі әрі тәрбиелік мағынаға толтыру.* **«Табиғат»** | *Қазақтың күй өнері – адалдық пен еңбекқорлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің белгісі екенін бала бойына сіңіру.* **«Балбырауын»** | *Күй күмбірі – баланы ұлттық құндылыққа жақындатып, өзінің қазақы болмысын мақтан тұтуға тәрбиелеу.* **«Жезкиік»** |
| | *Демалыс күндері қалай өткенін сұрау арқылы көңіл-күйін байқау; Киімдерін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу, мәдени-гигиеналық дағдыларды еске салу; Психологпен бірлесіп, эмоциялық бейімделуі қиын балалармен жеке жұмыс жүргізу.* | *Балаларды жылы шыраймен қарсы алу, есімдерін атап, амандасу; Дене қызуын электронды термометрмен өлшеп, денсаулығын бақылау; Қажет жағдайда медбикемен бірлесе отырып қосымша тексеру жүргізу;* | *Баланы күлімсіреп қарсы алу, сенімді атмосфера қалыптастыру; Денсаулығын тексеру: дене қызуы, көз-құлақ жағдайын сырттай бақылау; Қол жуу, киім шешу, шкафқа орналастыруды өзі орындауына бағыт беру;* | *Баланың мінез-құлқы мен көңіл-күйіндегі өзгерістерге назар аудару; Ата-анадан кешегі жағдайы туралы қысқаша сұрау (мазасыздық, ұйқы, тәбет); Қажет болса, психологтың бақылауына жіберу немесе кеңес алу.* |
| Ата-аналармен | ***Өнегелі -15 минут - Ата-аналарға әрдайым*** | ***Өнегелі -15 минут - Үйде балаға шағын*** | ***Ата-аналармен сөйлесу барысында күнделікті 15*** | ***Өнегелі -15 минут - демалыс күндері балаға*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| немесе баланың басқа заңды өкілдеріме н әңгімелесу, кеңес беру | ***сәлемдесуге, жылы сөз айтуға дағдылану қажеттігін еске салу.*** *Ата-аналардан баланың демалыс күндеріндегі тынығуы, эмоциялық көңіл-күйі, отбасы ортасындағы қарым-қатынасы туралы мәлімет алу.* | ***тапсырмалар беріп, еңбегін бағалау жолдарын түсіндіру7*** *«Ертеңгілік жаттығуға үлгеру – бала денсаулығының кепілі» Ата-аналарға балалардың дене тәрбиесі үшін ертеңгілік жаттығудың маңыздылығын түсіндіру. Таңертең баласын кеш әкелетін ата-аналармен жеке сөйлесу.* | ***минуттық өнегелі уақыттың бала дамуына тигізетін оң әсерін түсіндіру.*** *Ата-аналарға күн сайын балаға арнаулы уақыт бөліп, бірге ойын ойнау, әңгімелесу, сурет салу сияқты әрекеттер арқылы сенімді қарым-қатынас орнатудың маңызын түсіндіру.* | ***арнайы уақыт бөліп, бірге серуендеу мен ұлттық ойындар ойнаудың пайдасын атап өту.*** *Ата-аналармен жеке және топтық кеңес беру арқылы отбасындағы тәртіп, ата-ана мен бала арасындағы өзара сыйластық пен қолдау туралы әңгімелесу.* |
| Балаларды ң іс-әрекеті(ойы н, танымдық, коммуника тив тік, шығарма шылық, эксперимен тал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | ***Картотека №2 Дид ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*** *Мақсаты: Түстерді айырып, топтай алады.* | ***Картотека №3 Дид ойын: «Жыл мезгілдері»*** *Мақсаты: Балалар жыл мезгідері туралы және мезгілдерінің атауларын (қыс, көктем, жаз, күз )атай алады.* | ***Картотека № 4 Дид ойын: «Заттық фриздер»*** *Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.* | ***Картотека №7 Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»*** *Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде айта отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| Ертеңгілік | *Қыркүйек айының 1-* | *Қыркүйек айының 1- аптасына* | *Қыркүйек айының 1-* | *Қыркүйек айының 1-* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жаттығу | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *арналған таңғы жаттығу кешені.* | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Мақсаты:****Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау, денесін сергіту, балабақшаға бейімделуіне жағдай жасау.Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| Таңғы ас | ***Тамақты үнемді жеу*** <br> ***Әңгіме:*** <br> *– Балалар, біз жейтін нан, ботқа, сүт – бәрі үлкендердің еңбегімен келеді. Тамақты төкпей, үстелге шашпай, жейтін мөлшерімізді ғана алайық. Артық алсақ, ысырап болады.* <br> ***Қауіпсіздік ескерту:*** <br> *– Тамақтану кезінде асықпай шайнайық, ауыз толтырып сөйлемейік – тұншығып қалу қаупі бар.* | ***Тақырып:*** *Тазалық пен үнемділік* <br> ***Әңгіме:*** <br> *– Таңғы ас алдында міндетті түрде қол жуамыз. Суды ағызып қоймаймыз, керегінше ғана қолданамыз. Ыдысты да таза ұстаймыз. Тамақ ішерде қасыққа мөлшерлеп салайық.* <br> ***Қауіпсіздік ескерту:*** <br> *– Ыдысты сындырмау үшін ұқыппен ұстау керек, сынған ыдыс қауіпті.* | ***Тақырып:*** *Асқа құрмет, үнем мен тәртіп* <br> ***Әңгіме:*** <br> *– Асқа құрмет – адамның тәрбие белгісі. Тамақ ішіп отырған кезде ойнамаймыз, таласпаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. Әрбір түйір нан – еңбектің жемісі.* <br> ***Қауіпсіздік ескерту:*** <br> *– Қасықты ауызға қатты салмайық, бір-бірімізге шанышқы, пышақ жақындатпаймыз.* | ***Тақырып:*** *Тамақты қадірлеу және ысырап етпеу* <br> ***Түсіндіру:*** <br> *– Балалар, біз жейтін әр тағам – үлкендердің маңдай терімен келген еңбек. Сондықтан табақтағы тамақты төкпей, шашпай жеу керек. Қажет мөлшерде ғана алып, артық тамақ қалдырмау – үнемділіктің белгісі.* <br> ***Қауіпсіздік:*** <br> *– Тамақтанып отырып жүгірмейміз, асықпай шайнаймыз – тұншығып қалуымыз мүмкін.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*<br>***Ойын: «Жалғастыр»***<br>*Тәрбиеші: «Мен сөз бастаймын, сендер жалғастырасыңдар».*<br>*– «Күн шықты, ал біз ...» (балалар: «ойнаймыз», «қуаныштымыз»).*<br>*– «Білімді болсаң, сен ...» (балалар: «ақылды боласың»).*<br>*– «Досыңа көмектессең, ол ...» (балалар: «қуанады»)*<br>***Мағынасы: баланың қиялын, ойлауын дамыту*** | *«Смарт бала» жобасы*<br>***Ойын: «Дұрыс-бұрыс»***<br>*Тәрбиеші: «Мен бір сөйлем айтамын, егер дұрыс болса – қол соғамыз, қате болса – тыныш тұрамыз».*<br>*Мысалы:*<br>*– «Кітап – білім бұлағы» (қол соғады).*<br>*– «Суды ішпейміз» (тыныш тұрады).*<br>***Мағынасы: баланың ойлау қабілетін дамыту, білімділікке тәрбиелеу.*** | *«Балалар кітапханасы» жобасы*<br>***Ойын: «Сиқырлы кітап»***<br>*Тәрбиеші үлкен әдемі кітап ұстап, «Бұл сиқырлы кітап. Қане, ашып қалсақ, одан кім шығады екен?» – дейді. Кітаптың ішінен дайын суреттерді көрсетеді. Балалар: «Бұл Қызыл телпек!», «Бұл Бауырсақ!» деп жауап береді.*<br>***Мағынасы: балалардың қызығушылығын арттыру, кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.*** | *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*<br>***Ойын: «Еңбек – қуаныш»***<br>*Тәрбиеші: «Қане, біз кішкентай еңбекқормыз. Қолымызбен гүл егіп көрейік (қимыл жасайды), оны суарайық, күтейік. Ал енді ол гүл жайнап өсті!» Балалар гүлдің иісін сезгендей қимылдап: «Еңбек қуаныш әкеледі!» – дейді.*<br>***Мағынасы: адал еңбекке, еңбектің қадірін білуге үйрету.*** |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | *«Қамқор» жобасы - сәлемдесу әдебі**,** құрмет көрсету**,** мейірімділік **пен** қамқорлыққа тәрбиелеу**.***<br><br>***Тосын сәт.***<br>*Тәрбиеші қолына әдемі конверт ұстап шығады.*<br>*– Балалар, бүгін бізге «Сиқырлы хат» келіпті. Ашып қарайықшы!*<br>*Хат ішінен өлең шумағы шығады:*<br>*«Сәлемдессең күндей* | *«Қамқор» жобасы– балаларды мейірімділікке, сыйластыққа, ізгі қарым-қатынасқа тәрбиелеу;*<br><br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Әңгіме: «Мейірімді топтың сыры»***<br>*Бір балабақшада «Алтын күн» деген топ болыпты. Бұл топтың балалары бір-біріне әрқашан көмектеседі, ойыншықтарын бөліседі, даусын көтермейді.* | *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында* ***-Тәртіп – табыс кілті***<br><br>***Қызығушылықты ояту .***<br>***Тосын сәт:***<br>*Топқа қолында әртүрлі уақытта тоқтаған ойыншық сағат ұстаған «Уақыт» кейіпкері кіреді.*<br>*«Уақыт»: «Сәлем, балалар! Мен – Уақытпын. Кей адамдар мені бағалайды, кейбірі бағаламайды. Ал* | *«Smart Bala» жобасы балалардың зияткерлік қабілетін, зерттеушілік дағдысын, сыни ойлауын дамытуға бағытталған**.***<br><br>***Сылдырмақ үні.***<br>***Шеңберге шақыру.***<br>*«Әдемі жүрекшелер» (қызыл қағаздан қиылған)*<br>*Бір-бірімізге жүрек жылуымызды сыйлаймыз*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Өлең оқу.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *ашылады,<br>Жылы сөз жүрекке басылады!»<br>Тәрбиеші: – Демек, бүгін біз сәлемдесуді үйренеміз. Бірақ тек сөзбен емес, қимылмен, ойынмен, шығармашылықпен!*<br>***2. Қызықты әңгіме***<br>*– Ерте заманда бір ауылда Айсұлу деген мейірімді қыз болыпты. Ол әр таң сайын күлімдеп, үлкендерге де, кішілерге де сәлем беруді әдетке айналдырған екен.<br>– Таңертең тұрса: «Сәлеметсіз бе, әже!» – дейді.<br>– Аулада көршісін көрсе: «Сәлеметсіз бе, ата!» – дейді.<br>– Балабақшаға келсе, тәрбиешісіне: «Сәлеметсіз бе, апай!» – деп жылы жүзбен амандасады. Айсұлудың әдемі сәлемін естігенде адамдардың көңілі көтеріліп, жүздері жадырап кетеді екен. Бірде ол таңертең асығып, сәлемдесуді ұмытып кетіпті. Сонда көршісі* | *Бір күні топқа жаңа бала — Еркін келіпті. Ол өте көңілді, бірақ топ ережесін білмейді екен. Еркін ойыншықтарды өзі ғана ойнағысы келді, қатты сөйлеп, кейде шулап жіберді. Сол кезде топтағы Айша есімді қыз күлімсіреп келіп:*<br>***— Еркін, бізде «Мейірімді Топтың Сыры» бар. Ол мынадай:***<br>*Достарыңа көмектес.<br>Ойыншықты бөліс.<br>Бір-біріңе кедергі жасама.<br>Сыпайы сөйлес.<br>Қауіпсіздік ережесін сақта.<br>Еркін ойланып қалады, уақыт өте келе бірден өзгерді. Енді ол ойыншықтарды бөлісіп, бәріне көмектесіп жүрді. Ал «Алтын күн» тобы бұрынғыдан да мейірімді әрі көңілді болды.<br>Сұрақ- жауап:<br>Еркін неге ережені білмеді?<br>Айша оған не үйретті?<br>Топта біз қалай жүреміз?*<br>***Ойын алаңы.***<br>***Ойын 1: «Досыңа көмектес»***<br>***Мақсаты: Бір-біріне көмектесу дағдысын қалыптастыру.*** | *сендер мені қалай өткізесіңдер? Таңертең не істейсіңдер?»<br>Балалар өздерінің таңертеңнен кешке дейінгі әрекеттерін қысқаша айтады.*<br>***Қызықты әңгіме: "Екі дос және Уақыт"***<br>*Ерте, ерте, ертеде бір ауылда **Арман** және **Еркін** деген екі дос өмір сүріпті. Екеуі де бір мектепке барады, бір аулада ойнайды. Бірақ олардың күнделікті әдеттері бір-біріне ұқсамайтын еді.<br>**Арман** әр таң сайын бір уақытта оянып, бөлмесін жинап, бетін жуып, тісін тазалап, шашын тарап, киімін ұқыптап киеді екен. Таңғы асын уақытында ішіп, мектепке керек кітаптарын сөмкесіне алдын ала салып қояды. Күнін жоспарлап, бәрін ретімен орындайды.<br>Ал **Еркін** кейде таңертең ұзақ ұйықтап қалады. Асығып киімін киеді, бетін жууды ұмытады, таңғы* | ***«Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.***<br>*Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау қозы құлыншақ<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Емес олар ұрыншақ.<br>Қуыршақтар ұйықтайды,<br>Айтқанымнан шықпайды<br>Бұзау, қозы, құлыншақ,<br>Маған қабақ шытпайды.<br>Өлең не туралы айтылған?*<br>***Менің сүйікті бұрышым. Сұрақ-жауап.***<br>*-Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?<br>-Ойыншықтар неден жасалады?<br>-Неден жасалған ойыншықтар қатты болады?<br>-Қандай ойыншықтар жұмсақ болады?Неліктен?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Топқа бөлу.***<br>***1-топ. Дьенеш блоктарымен жұмыс.***<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылда?»***<br>***Шарты:**Блоктардан ойыншықтар құрастыру.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *әже:*<br>*– «Айсұлу, бүгін амандасқан жоқсың ғой. Біз сенің сәлеміңді естімей, бірдеңе жетпей қалғандай күйге түстік», – деп ренжіпті.*<br>*Содан кейін Айсұлу әрқашан қайда барса да, кіммен кездессе де жылы сәлемін аямайтын болыпты.*<br>*Өйткені сәлемдесу – сыйластықтың, қуаныштың кілті екенін түсінген екен.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>*Сендер таңертең балабақшаға келгенде кімдермен сәлемдесесіңдер?*<br>*Сәлемдескенде өздеріңді қалай сезінесіңдер?*<br>*Егер адам сәлем бермесе, ол дұрыс па? Неге?*<br>*«Сәлем – сөздің анасы» дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*Топтық жұмыс: «Сәлемдесу көпірі»*<br>***Балалар екі топқа бөлінеді: «Қонақтар» және «Иелер».***<br>*«Қонақтар» кіріп келеді, «Иелер» әртүрлі сәлемдесу түрімен қарсы алады:* | ***Шарты:***<br>*Еденге әр түрлі ойыншықтар мен кубиктер қойылады. Балалар жұптасып, бір-біріне көмектесіп, оларды орнына апарады.*<br>*Көмек көрсеткенде «Рахмет!» деп айту ережесін қолданады.*<br>*Ойын 2: «Сыпайы сөздер»*<br>*Мақсаты: Сыпайы сөйлесуді үйрету.*<br>*Шарты:*<br>*Тәрбиеші допты бір балаға лақтырады да, сыпайы сөз айтады («Рахмет», «Өтінемін», «Кешір», «Сәлеметсіз бе»).*<br>*Допты алған бала басқа сыпайы сөз айтады.*<br>*Ойын барлық балаға жеткенше жалғасады.*<br>***Ойын 3: «Тыныштық орманы»***<br>***Мақсаты:****Шуламау және тыныш жүру дағдысын қалыптастыру.*<br>***Шарты:****Балалар ормандағы аңдар болып жүреді, бірақ «ұйықтап жатқан аюды» оятпау керек.*<br>*Кім қатты дыбыс шығарып қойса, аю «оянады» және оны* | *асын да дұрыс ішпейді. Мектепке шығарда дәптерін, кітабын іздеп жүгіріп жүреді. Үй тапсырмасын кейде жасап үлгермейді.*<br>*Бір күні ауылда үлкен мерекелік* ***спорттық жарыс*** *өтетін болыпты. Жарысқа қатысу үшін балаларға алдын ала дайындық жасау керек екен. Арман күнде белгілі бір уақытта жаттығып, таңертең ерте тұрып, дұрыс тамақтанып, өз уақытын тиімді пайдаланады.*<br>*Ал Еркін болса, «Жарысқа әлі көп уақыт бар» деп ойлап, дайындыққа немқұрайлы қарайды. Ол көп ұйықтайды, дайындықты кейінге қалдырады.*<br>*Міне, жарыс күні де келіп жетті. Арман таңертең ерте тұрып, жарыс алаңына уақытында келді. Ол сергек, көңілді, дайын еді. Ал Еркін кеш оянып, асығып дайындала бастап* | ***2-топ. Миға шабул***<br>*Сұрақ- жауап.*<br>*Ойыншықтар неден жасалады?*<br>*Қандай ойыншықтар тез сынады?*<br>*Қандай ойыншықтар ауыр болады?*<br>*Қандай ойыншықтар жеңіл болады?*<br>*Сыни ойлау арқылы жауап*<br>***3- топ. Шығармашылық топ. Дид ойын: «Қандай түс?»***<br>*Шарты: Берілген ойыншықтарды бояу.*<br>***4-топ. Мнемотехникамен жұмыс.***<br>*-Мнемокесте арқылы ойыншықтарға сипаттама беру. Өз ойын айту.*<br>***«Бірлік шеңбері»***<br>***Көркем сөз***<br>***Қ. Мырзалиев. «Ойыншықтар»***<br>*Іші толған бөлменің,*<br>*Ойыншығым мол менің.*<br>*Босқа тізіп қоймайық,*<br>*Келе ғой, дос ойнайық.*<br>***Сұрақ-жауап.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *қол алысып,*<br>*бас иіп,*<br>*күлімдеп,*<br>*«Сәлеметсіз бе!» деп дауыстап.*<br>*Содан кейін топтар орындарымен ауысады. Бұл жаттығу кішкентайларға сәлемдесудің мәдениетін көрсетуге өте әсерлі.*<br>*Рөлдік ойын: «Күнделікті өмірде»*<br>*Балаларға жағдаяттар беріледі:*<br>*Бала мектепке бара жатыр → мұғалімге сәлем береді.*<br>*Бала аулада ойнап жүр → досына сәлем береді.*<br>*Бала дүкенге кірді → сатушыға сәлем береді.*<br>*Әр бала сахналық көріністе өзін сынап көреді.*<br>***Қызықты ойын: «Сәлем сөзін жалғастыр»***<br>*Тәрбиеші «Сәлеметсізбе!» деп бастайды, балалар кезекпен жалғастырады:*<br>*«Сәлем, досым!»*<br>*«Сәлем, күнім!»*<br>*«Сәлеметсізбе, апай!»*<br>*«Сәлем, кітап!» (балаларға* | *орманнан шығарады.*<br>***Шығармашылық тапсырма (дәстүрден тыс сурет салу)***<br>*«Біздің мейірімді тобымыз» — алақан ізімен сурет жасау*<br>*Үлкен ватманға топ бөлмесі суреті дайындалып қойылады.*<br>*Әр бала өз алақанын бояуға малып, суретке басады — бұл «топтағы балалардың алақандары» болады.*<br>*Тәрбиеші әр алақан жанына баланың атын жазады.*<br>*Соңында суретке «Біз мейірімдіміз, біз сыпайымыз!» деген жазу қосылады.*<br>***Қорытынды***<br>*Балалармен бірге ережелерді қайталау:*<br>***Ой дамыту.***<br>***ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ бағыну міндетті, себебі бұл өз өмірің мен денсаулығыңды және өзгелердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажет!***<br>***Мынаны есте сақтаңдар:***<br>*Шашылып жатқан ойыншықтар — құлап, жарақат алуға себеп болуы мүмкін.* | *еді, аяқ киімі табылмай қалды, сөмкесін жинап үлгермеді. Жарыс алаңына жеткенше бәрі басталып кетіпті.*<br>*Сол күні Арман өз тобын жеңіске жеткізді. Оған ауыл ақсақалы келіп:*<br>*— Балам, сенің табысың – тәртіп пен уақытты бағалаудың жемісі, – деді.*<br>*Еркін болса, досынан кешігіп келіп:*<br>*— Арман, мен уақытты босқа өткізіппін. Сен секілді күн тәртібін сақтасам, мен де жетістікке жетер едім, – деп мойындады.*<br>*Содан бастап Еркін де таңертең ерте тұрып, бетін жуып, тамағын уақытында ішіп, күнін жоспарлап, үй тапсырмасын уақытында орындап жүрді. Уақыт оған досына айналды. Осылайша екеуі де әр істерінде табысқа жетіп, ауылдың ең тәртіпті балалары атаныпты.*<br>***Дид йын: "Күн тәртібін*** | *Ойыншықтар не үшін керек екен?*<br>*Ойыншықтармен қалай ойнау керек?*<br>***Зерттеу бұрышы***<br>***Тәжірибе: «Кішкентай ғалымдар»***<br>*Үлкендеу табақшаға су құйып, оған доптарды салу арқылы доптардың жеңіл екенін балаларға көрсетіп, түсіндіру.*<br>***Сұрақ-жауап:****Балалар доп  жеңілме ауырма, және суға батама, батпай ма? Осыны  біліп көру үшін қазір біз сендермен тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық. Қане, қараңдаршы доп суға бата ма, жоқ па?*<br>*Батпайды екен. Қалай ойлайсыңдар неге, батпайды?*<br>*Балалар қараңдаршы доп су бетінде жеңілме әлде ауырма?*<br>*Балалар: Жеңіл*<br>***Қортынды:****Доп су бетінде жеңіл болады.*<br>*Ішіне ауа толтырылған.Сондықтан* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *еркін қиялдауға рұқсат беріледі).*<br>***Шығармашылық жұмыс: «Сәлемдесу күлтешесі»***<br>*Жүргізілу барысы:*<br>*Тәрбиеші әр балаға түрлі-түсті қағаздан қиылған гүл күлтешелерін береді.*<br>*Әр бала өзіне ұнайтын күлтешеге түрлі-түсті қарындашпен немесе фломастермен күлімдеген смайлик, жүрек, күн, бұлт, достық белгісін салады.*<br>*Тәрбиеші балаларға:*<br>*– «Бұл күлтеше – сенің сәлеміңді білдіреді. Қай күлтешеде күн салынса – жылы сәлем, жүрек болса – мейірімді сәлем, күлімдеген смайлик болса – көңілді сәлем» – деп түсіндіреді.*<br>*Соңында барлық күлтешелерді үлкен дөңгелекке жапсырады да, «Сәлемдесу гүлі» шығады.*<br>*Қорытынды шеңбер*<br>*Балалар шеңберге тұрады да, бір-біріне қарап жылы сәлемдесу сөздерін айтады.*<br>*Мысалы:*<br>*«Сен жақсы доссың!»* | *Топтағы тәртіп тек тазалық үшін емес, қауіпсіздік үшін де керек!*<br>*Терезе алдына, үстелге және шкафтарға шығуға болмайды.*<br>*Бір нәрсені ала алмай жатсаң — тәрбиешіден көмек сұра!*<br>*Топта, ұйықтайтын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіріп жүру — өте қауіпті: жиһаздың өткір бұрыштары жарақат келтіруі мүмкін, басқа балаға соғылып, қатты соққы алуың мүмкін!*<br>*Ұсақ ойыншықтарды ауызға салма! Олар кездейсоқ жұтылып кетіп, тұншығып қалуың мүмкін!*<br>*Орындықта тербелуге болмайды! Тепе-теңдікті жоғалтып, құлап, жарақат алуың мүмкін!*<br>*Сумен ойнама — судың жерге төгілмеуін қадағала. Су төгілген еден — өте тайғақ, бұл саған қауіпті!*<br>*Тағам қабылдау кезінде сөйлеспе, тамақты мұқият шайна!*<br>*Аяқ киім әрқашан дұрыс байланған және ыңғайлы болуы керек, ұзын бауы болмауы тиіс!* | ***ретте”***<br>*Шарты: Балаларға күннің әр уақытындағы әрекеттердің суреттері беріледі: ұйқы, таңғы ас, сабақ, серуен, ойын, кешкі ас, ұйықтау.*<br>*Балалар оларды дұрыс ретімен орналастырады.*<br>*Дұрыс орналастырған балаға «Тәртіпті бала» жапсырмасы беріледі.*<br>***“Сағат тілі” жаттығуы:***<br>*Балалар екі қолын сағат тіліндей қозғап, тәрбиеші айтқан уақытты бейнелейді (мысалы, «сағат үш» – бір қол жоғары, бір қол оңға).*<br>***Қорытынды***<br>*Сұрақтар:.*<br>*Күн тәртібін не үшін сақтау керек?*<br>*Егер біз тәртіпті болсақ, не болады?*<br>*Уақытты бағаламасақ, қандай қиындықтар туындайды?*<br>*Балалар «Мен тәртіпті баламын!» деп уәде береді.*<br>***Бағалау:*** *Белсенді қатысқан балаларға* | *ол ұрсаң секіреді,тепсең қашады.*<br>*Сонымен доп қандай ойыншық түріне жатады?*<br>*Жеңіл, сондықтан суға батпайды.*<br>***Сергіту сәті: Музыкамен***<br>***Кім доп туралы тақпақ біледі?***<br>***Доп туралы тақпақ жаттау.***<br>Добым менің, добым менің,<br>Өзің неткен көңілді едің.<br>Зымырайсың,құтындайсың,<br>Бірақ менен құтылмайсың<br>***Доппен ойнаған ұнай ма?***<br>***Серуенде доппен ойын ойнаймыз***<br><br>***Бағдарлама***<br>***Тақырыбы: «Әдепті сөздер әлемі»*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *«Сен мейірімдісің!»*<br>*«Сенмен ойнаған қызық!»*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жетекшілігімен***<br><br><br><br>*«Ұлттық ойын»*<br>***«Ақсерек-көксерек»***<br>*Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін*<br>*намыстанып, женіске талпынуға үйренеді.* | .*Балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады, себебі ол апатқа себеп болуы мүмкін!*<br>***ҰІӘ «Жүрекшені досыңа сыйла» ойынымен аяқтау*** — *әр бала қағаздан қиылған кішкентай жүрекшені досына сыйлайды.*<br>***Теледидар мен электр құралдары***<br>***Мақсаты:*** *Электр құрылғыларынан туатын қауіптер туралы айту.*<br>***Әңгіме:***<br>*– Егер теледидарды күні бойы қосулы қалдырсақ, ол қызып кетуі мүмкін. Ал қызыған электр құралдары өрт шығарады. Сондықтан үлкендер оларды уақытында өшіру керек.*<br>***Сұрақтар:***<br>*– Электр құралдарын өз бетіңмен қосуға бола ма?*<br>*– Егер сым жарылып жатса не істеу керек?*<br>*– Өрт шықса кімге хабарлаймыз?*<br><br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.*** | *«Уақытты бағалаймын» төсбелгісі беріледі.*<br><br><br><br>***Музыка***<br>***Педагог жетекшілігімен***<br><br>***Бағдарлама***<br>***Тақырыбы: Топтағы заттар «Көп», «Біреу» ұғымдары.***<br><br><br><br>«Ұлттық ойын»<br>***«Қыз қуу»***<br>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептелікке баулу. | *«Ұлттық ойын»*<br>***«Түйілген орамал»***<br><br>Мақсаты: *Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *-сәлемдесу*<br>*-сапқа тұрғызу*<br>*Бір-бірден бағанда жүру. Бір-бірден колоннада жүру, мұғалімнің белгісі бойынша, балалар оң және сол аяқтарымен кезек-кезек штангалардан өтіп жүруге ауысады.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы дамыту жаттығулары.***<br>*1. б.қ. - аяқтың ені бойынша аяқ тірегі, қол белде. Қолдар бүйірлерге, жоғары, қолдарыңызды бастарыңызға шапалақтау, қолдарыңызды белге қою, бастапқы қалып (5-6 рет).*<br>*2. б.қ. - аяқтың ені бойынша аяқ тірегі, қолдар дене бойымен. Қолдар бүйірге, отырыңыз және алдарыңызда қолдарыңызды ұрыңыз; көтерілу, қолды екі жаққа, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).*<br>*3. б.қ. - аяқ иық енінде, қол белде. қолды екі жаққа, алға еңкейіңіз, алдыңызда қолыңызды шапалақтаңыз; түзу, қолдар. жақтарға,* | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *бастапқы қалып (5 рет).*<br>*4. б.қ. - тізе бүгіп, қолдар бастың артында. Оңға (солға) бұрылыңыз, оңға (солға) қолды жағыңызға алыңыз; түзету, бастапқы қалып (6 рет).*<br>*5. б.қ. - аяқ сәл алшақ, қолдар дененің бойымен.*<br>*Секіру сериялары арасында кішкене кідіріспен кезектесіп, екі бағытта шеңбермен екі аяқпен секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>***« Күн жасаймыз»***<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Тепе-теңдік*** *- басында қапшықпен жерде жатқан тақтаймен жүру, қолды екі жаққа (2-3 рет).*<br>***2. Кедергілерден екі аяқпен секіру****(өзектердің биіктігі 6 см), бір-бірінен 40 см қашықтықта, 5-6 бар. 2-3 рет қайталаңыз.*<br>***Қим ойын: Аюдың апанында»***<br>***Мақсаты:*** *балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру.* | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *«Ұлттық ойын»*<br>***«Такия тастамақ»***<br>*Мақсаты: Балаларды затты сезінуге үйрету. Жан-жақты дамыту, шапшандыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.* | | |
| Серуенге дайындық | *Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.<br>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека №13***<br>***Аула маңындағы көліктерді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға көліктер туралы , жүргізушілер туралы кең мағлұмат беру.*<br>***Ұлттық ойын:«Қарлығаш»*** *– балалар топ-топ болып жүгіріп, құстың қимылын бейнелейді. Ойынды күзгі табиғат құбылыстарымен байланыстыру* | ***Картотека №14***<br>***Ауа- райын бақылау***<br>***Мақсаты:*** *Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.*<br>***Ұлттық ойын:«Ақсерек-көксерек»*** *–Қимыл-қозғалыс пен ұйымшылдыққа тәрбиелейді.* | ***Картотека №17***<br>***«Күз көрінісін бақылау»***<br>***Мақсаты:*** *Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.*<br>***Ұлттық ойын:«Асық ойнау»*** *– балаларды нысанаға дәл тигізуге дәлдікке баулиды.* | ***Картотека №11***<br>***Күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.*<br>***Ұлттық ойын:«Айгөлек»*** *– Шапшаңдыққа,ептілікке дағдыландыру;* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту, эстетикалық талғамын дамыту.**Күзгі серуен картотекасынан*** | | | |
| Серуеннен оралу | *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы нбағытында - өз-өзіне қызмет жасауға тәрбиелеу.* | | | |
| | *«Өз-өзіне қызмет» 3 қадамы:<br>1) Киімді ұқыпты шешу; 2) Шкафқа ретімен жинау; 3) Түскі асқа жеке жабдықтарын (сүлгі, ыдысқа дейінгі кезекші рөлі) дайындау.* | *Бір-біріне жейде/күртешені ілуге, түйме қадауға көмектестіру; «рақмет», «өтінемін» сөздерін қолдануды бекіту;<br>**Мақсаты:** су шашпай, жауапкершілікпен қарауды еске салу.* | *Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету.<br>**Мақсаты:** еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу.* | *Балаларға жағдаятты сұрақтар қою.<br>«Егер қолды жумаса не болады?», «Неге заттарды өз орнына қоямыз?»<br>**Мақсаты:** дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | |
| | ***Тақырып: Үнем мен әдеп<br>Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде тәртіп сақтаймыз: таласпаймыз, ойнамаймыз, дауыстамаймыз. Әрбір ас – қадірлі. Шамамызға қарай ғана аламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.* | ***Тақырып: Үнемді болу– әдетіміз<br>Түсіндіру:***<br>*– Әрбір ас – үлкендердің маңдай терімен келген несібе. Сондықтан табақтағы асты қалдырмай, төкпей-шашпай жеуіміз керек. Үнемді болу – жақсы әдет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.* | ***Тақырып: Ас – ырыс, еңбек жемісі<br>Әңгіме:***<br>*– Балалар, дастарқандағы әр тағам – еңбекпен келген ризық. Нанды жерге тастамай, асты төкпей, мөлшермен ғана алайық. Ысырап етпейік – еңбекті бағалайық.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде сөйлемейміз – бұл қауіпсіздік үшін маңызды.* | ***Тақырып: Асқа құрмет<br>Әңгіме:***<br>*– Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әр түйір ас – бағалы. Асқа құрмет – еңбекті бағалау.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.* |
| Күндізгі | *Өз төсек орындарын* | *Балалардың тыныш* | *Ұйқыға дайындық кезінде* | *Белгілі жүйелікте* |

<table>
<tr><td>ұйқы</td><td>дайындап жатуды дағдыландыру.</td><td>ұйықтауына жағымды жағдай жасау</td><td>қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.</td><td>киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td>Жаттығу кешені №6<br>Балалар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық.</td><td>Жаттығу кешені №7<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.</td><td>Жаттығу кешені №8<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық</td><td>Жаттығу кешені №9<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық</td></tr>
<tr><td colspan="4">Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.<br>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.<br>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Бесін ас</td><td colspan="4">Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</td></tr>
<tr><td>Ысырап етпеу<br>Әңгіме:<br>– Тамақты төкпей-шашпай, қажет мөлшерде ғана аламыз. Артық тамақ қалдырмаймыз.<br>Қауіпсіздік:<br>– Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз.</td><td>Ас – еңбек жемісі<br>Әңгіме:<br>– Балалар, әрбір ас – үлкендердің маңдай тері. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз. Артық алмаймыз.<br>Қауіпсіздік:<br>– Тамақты асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде сөйлемейміз.</td><td>Әдептілік – ас үстінде де керек<br>Әңгіме: – Ас ішкенде бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. Үлкендерге бірінші береміз.<br>Қауіпсіздік: – Қасықты қатты салмаймыз.</td><td>Нанның қасиеті<br>Әңгіме: – Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз.<br>Қауіпсіздік: – Нанды ауызға толтыра салмаймыз.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-</td><td colspan="4">«Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу»</td></tr>
<tr><td>Теледидар мен электр құралдары<br>Мақсаты: Электр құрылғыларынан туатын қауіптер туралы айту.</td><td>Сіріңке мен оттық – балаларға арналмаған!<br>Мақсаты: Балаларды от көзімен ойнамауға үйрету.<br>Әңгіме:</td><td>Үтік өрт шығару мүмкін бе?<br>Мақсаты: Балаларға үтікті қолдану кезіндегі қауіп туралы түсінік беру.</td><td>Газ және электр плиталары<br>Мақсаты: Ас үйдегі қауіп көздерімен таныстыру.<br>Әңгіме:</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Әңгіме:***<br>*– Егер теледидарды күні бойы қосулы қалдырсақ, ол қызып кетуі мүмкін. Ал қызыған электр құралдары өрт шығарады. Сондықтан үлкендер оларды уақытында өшіру керек.*<br>***Сұрақтар:***<br>*– Электр құралдарын өз бетіңмен қосуға бола ма?*<br>*– Егер сым жарылып жатса не істеу керек?*<br>*– Өрт шықса кімге хабарлаймыз?*<br><br>**«Қауіпсіздік ережесі»**<br>**«Жедел жәрдем»**<br>**Мақсаты. Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйретіңіз.** | *– Балалар, сендер білесіңдер ме, сіріңке кішкентай ғана таяқша сияқты көрінеді. Бірақ ол өте қауіпті. Неге дейсіңдер ме? Өйткені бір ғана сіріңкені жақсаң, ол үлкен өртке айналуы мүмкін.*<br>*От – бізге керек. Онымен тамақ пісіреді, шам жағады, жылытады. Бірақ оны тек үлкендер ғана қолдана алады. Ал балаларға сіріңке мен оттықпен ойнауға болмайды. Егер сендер сіріңке тауып алсаңдар, бірден әке-шешелеріңе, әжелеріңе немесе тәрбиешіге беру керек. Өйткені ол – қауіпті зат.*<br>***Сұрақтар:***<br>*Сіріңке мен оттықты не үшін қолданады?*<br>*Балалар олармен ойнай ала ма?*<br>*Егер сіріңке тауып алсаң, не істеу керек?*<br>*– Сіріңке кішкентай болса да, өте қауіпті. Бір ғана ұшқын – үлкен өртке себеп болуы мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, кейде аналарың киімді үтіктейді, иә? Ал үтікті өшірмей, токқа қосулы күйінде қалдырса не болады? Киім жанып кетуі мүмкін, тіпті өрт шығуы мүмкін.*<br>***Сұрақтар:***<br>*– Үтікті кімдер қолдана алады?*<br>*– Өз бетіңмен қосуға бола ма?*<br>*– Үтікті пайдаланғаннан кейін не істеу керек?*<br>*Әңгіме: «Үтікті ұмыт қалдырса не болады?»*<br>*Бір күні Айсұлтан анасымен бірге үйде отырды. Анасы киім үтіктеп болып, асығып дүкенге кетті. Бірақ үтікті сөндірмей қалдырған екен. Айсұлтан үстел үстінде ыстық болып тұрған үтікті көріп:*<br>*– «Егер бұл үтік өшірілмесе, киім жанады, өрт шығуы мүмкін!» – деп ойлады.*<br>*Ол бірден әжесіне жүгіріп барып айтты:* | *– Анаңыз тамақ дайындағанда газ немесе электр плитасын қолданады. Егер ол дұрыс өшірілмесе – газ шығып, өрт немесе улану болуы мүмкін.*<br>***Сұрақтар:***<br>*– Ас үйде ойнауға бола ма?*<br>*– Плитаны өзіңе қосуға бола ма?*<br>*– Тамақ дайындап болған соң не істеу керек?*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>*-сәлемдесу*<br>*-сапқа тұрғызу*<br>*Бір-бірден бағанда жүру. Бір-бірден колоннада жүру, мұғалімнің белгісі бойынша, балалар оң және сол аяқтарымен кезек-кезек штангалардан өтіп жүруге ауысады.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы дамыту жаттығулары.***<br>*1. б.қ. - аяқтың ені бойынша аяқ тірегі, қол белде. Қолдар бүйірлерге, жоғары, қолдарыңызды* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **«Жол қауіпсіздігі»**<br>**«Қандай белгіні тап?»**<br>**Міндеттері: Балаларға жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту; алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше пайдалану қабілеттерін дамыту.** | *– «Әже, үтік өшірілмей қалыпты!»*<br>*Әжесі дереу үтікті сөндіріп, немересіне жылы жымиып:*<br>*– «Жарайсың, балам! Сен өте дұрыс істедің. Үтікті тек үлкендер ғана қолдана алады. Ал балалардың міндеті – қауіпті көрсе, үлкенге айту», – деді.*<br>*Айсұлтан басын изеп:*<br>*– «Мен енді білемін: үтікті өзім ешқашан қоспаймын. Егер үтік қосулы тұрса, бірден үлкенге айтамын!» – деді.*<br>***Балаларға сұрақтар:***<br>*Үтікті қосып, қолдануға кімнің рұқсаты бар?*<br>*Балалар өз бетімен үтікті қоса ала ма?*<br>*Үтікті пайдаланғаннан кейін не істеу керек?*<br>*Айсұлтанның әрекеті дұрыс болды ма? Неге?* | *бастарыңызға шапалақтау, қолдарыңызды белге қою, бастапқы қалып (5-6 рет).*<br>*2. б.қ. - аяқтың ені бойынша аяқ тірегі, қолдар дене бойымен. Қолдар бүйірге, отырыңыз және алдарыңызда қолдарыңызды ұрыңыз; көтерілу, қолды екі жаққа, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).*<br>*3. б.қ. - аяқ иық енінде, қол белде. қолды екі жаққа, алға еңкейіңіз, алдыңызда қолыңызды шапалақтаңыз; түзу, қолдар. жақтарға, бастапқы қалып (5 рет).*<br>*4. б.қ. - тізе бүгіп, қолдар бастың артында. Оңға (солға) бұрылыңыз, оңға (солға) қолды жағыңызға алыңыз; түзету, бастапқы қалып (6 рет).*<br>*5. б.қ. - аяқ сәл алшақ, қолдар дененің бойымен. Секіру сериялары арасында кішкене кідіріспен кезектесіп, екі бағытта шеңбермен екі* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **«Қауіпсіздік ережесі» «Егер бейтаныс адам есікті қақса» Ойын жаттығулары**<br><br>**Мақсаты: Балаларды үйде жалғыз болған кезде есікті ашуға үйретіңіз, тек олармен бір пәтерде тұратын адамдарға ғана.** | *аяқпен секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығуы « Күн жасаймыз»***<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Тепе-теңдік*** - *басында қапшықпен жерде жатқан тақтаймен жүру, қолды екі жаққа (2-3 рет).*<br>***2. Кедергілерден екі аяқпен секіру****(өзектердің биіктігі 6 см), бір-бірінен 40 см қашықтықта, 5-6 бар. 2-3 рет қайталаңыз.*<br>***Қим ойын: Аюдың апанында»***<br>***Мақсаты:*** *балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру.*<br><br>***«Жол қауіпсіздігі» «Бағдаршам»***<br>***Мақсаты: Балаларды бағдаршаммен басқарылатын қиылысудан өту (өту) ережелерімен таныстыру.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | ***Бала тілін дамыту жұмысы***<br>*Артикуляциялық жаттығулар жасау (дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету).*<br>*Сөздік қорын кеңейту үшін жеке әңгімелесу, сурет бойынша әңгіме құрату.*<br>*Қарапайым сөздерді жеке үйрету.* | ***Математикалық ұғымдарды дамыту***<br>*Санауды, пішіндерді, түстерді, көлемдерді жеке көрсету.*<br>*Жұптап салыстыру, заттарды рет-ретімен орналастыру.*<br>*Жеке логикалық ойындар мен пазлдар ұсыну.* | ***Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру***<br>*Баланы топпен ойнауға бейімдеу үшін алдымен жеке ойындар арқылы сенімділігін арттыру.*<br>*Мінез-құлық мәдениетін үйрету (амандасу, алғыс айту, кезекте тұру).*<br>*Қиын балалармен жеке әңгімелесу, мотивация беру.* | ***Шығармашылық қабілеттерін дамыту***<br>*Жеке сурет салу, ермексазбен жұмыс, мозаика құрастыру.*<br>*Ән үйрету, жеке би қимылдарын көрсету.*<br>*Қолөнер жұмыстарын орындау.* |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімнің түймелері мен сыдырмасын тексеру.*<br>*Аяқ киімінің дұрыс киілуін бақылау.*<br>*Серуенге шыққанда табиғатты қорғау ережелерін түсіндіру (гүлді жұлмау, қоқыс тастамау).* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.*<br>*Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.*<br>*Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*<br>*Балалардың бір-біріне көмектесуіне жағдай жасау.*<br>*Киімдерінің ұқыпты болуын бақылау.*<br>*Топтан бөлінбеу ережесін түсіндіру.* |
| Серуен | ***Серуен № 7***<br>*Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 9***<br>*Күннің көзін бақылау.* | ***Картотека №11***<br>*Ағаштарға бақылау жасау* | ***Серуен № 15***<br>*Аспанды бақылау.* |
| Серуеннен оралу | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кешкі ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | |
| Балалардың дербес әрекеттері | Үстел үсті ойындары. Конструкторлармен ойындар . түрлі пазлдар құрастыру. | Дидактикалық ойындар. «қыс мезгілін мнемотехника арқылы әңгімелеу»<br>Қысқы ойындар, қысқы еңбектерімен танысып, құралдарымен және не үшін пайдаланатынын ұқтыру. | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен<br>сүрту қабілетін қалыптастыру | Әндер, Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут:*** *ата-анамен баланың тәртіптілігі мен әдептілігі жөнінде әңгіме өткізу.* | | | |
| | *«Бүгін балалар ән айтып, би қимылдарын орындап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.»*<br>*«Қиялы дамып, ойларын еркін жеткізуге тырысты.»*<br>*«Үйде бірге ән тыңдап, қарапайым әндерді жаттауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.»* | *«Балалар бүгін серуен кезінде табиғатты бақылап, гүлдер мен ағаштарға ұқыпты қарауды үйренді.» «Топтық ойында бір-біріне көмектесіп, достық қарым-қатынас көрсетті.»*<br>*«Үйде баламен бірге қысқа әңгіме немесе ертегі оқып, бірге талқылауға кеңес беремін.»* | *«Балалар дене шынықтыру жаттығуларына белсене қатысты, қимыл-қозғалыс дағдылары дамып келеді.»*<br>*«Ойын кезінде ережелерді сақтап, тәртіпті болуға тырысты.»*<br>*«Үйде серуеннен кейінгі тынығуына және жеткілікті ұйқысына назар аударыңыздар.»* | *«Бүгін балалар серуенде өте белсенді болды, қауіпсіздік ережелерін жақсы сақтады.»*<br>*«Сабақта берілген тапсырмаларды ықыласпен орындап, сөздік қорын толықтырды.»*<br>*«Үйде де киімдерін өздері кию дағдысын бекітуге көңіл бөліңіздер.»* |

Тексерілді: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**
**Қыркүйек айы II апта**

**Топ: Ботақан** <u>ересек топ</u>
**Балалардың жасы:** <u>4 жас</u>
**Қандай кезеңге жасалды :** 08.09 – 12.09.2025ж
Апта дәйек сөзі «Жанұям-қорғаным, ата-ана тірегім»

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** ***«Менің Қазақстаным» ҚРӘнұранын орындау*** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – баланы ұлттық әуенмен қарсы алу, ата-баба мұрасын жүрекке жақындату. «Бұлбұл»* | *Күй әуені – бүлдіршінді қазақтың салт-дәстүрі мен өнеріне баулып, ұлттық рухқа тәрбиелеу. «Кішкентай»* | *Домбыраның қоңыр үні – баланы жылы қабылдап, қазақтың мәдениетімен қауыштыру. «Жезкиік»* | *Күй күмбірі – баланы шаттықпен қарсы алып, ұлттық өнерге сүйіспеншілік ояту. «Балбырауын»* | *Күй әуезі – баланың жан дүниесін тербеп, оны қазақ халқының рухани қазынасына жақындату. «Қос алқа»* |
| | *Демалыс күндері қалай өткенін сұрау арқылы баланың көңіл-күйін анықтау;<br>Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу;<br>Жаңа аптаға* | *Баланың таңертеңгі көңіл-күйін сұрау («Бүгін қалай ояндың?»);<br>Ата-анасынан қысқаша ақпарат алу (денсаулығы, ұйқысы, тәбеті);<br>Баланың киімін дұрыс* | *Баланың көңіл-күйін бақылау үшін сүйікті ісін немесе ойынын сұрау;<br>Өзін-өзі қызмет ету дағдыларын дамытуға жағдай жасау;<br>Достарымен қарым-* | *Таңертеңгі көңіл-күйін сұрау, мейірімді сөздермен қарсы алу;<br>Киімін шешу, аяқ киімін ауыстыру барысында дербестікке ынталандыру;<br>Баланы шағын топтық ойындарға қатыстыру;* | *Апта бойғы жетістіктерін айтып, мақтау арқылы қабылдау;<br>Киімін реттеп, гигиеналық дағдыларын еске салу;<br>Балаларды көңілді ойынға тарту, апта* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қызығушылық ояту үшін қысқаша әңгіме жүргізу;*<br>*Психологпен бірге жылауық немесе ұялшақ балаларға қолдау көрсету.* | *орналастыруға бағыт беру;*<br>*Топтағы кезекші балалармен амандастыру, ойынға қосу;*<br>*Эмоциялық бейімделуі қиын балаларға жеке назар аудару.* | *қатынасқа тарту арқылы бейімделуін жеңілдету;*<br>*Психологпен бірге топтағы балалардың эмоциялық ахуалын қадағалау.* | *Баланың өзін еркін ұстауына жағдай жасау;*<br>*Эмоциялық бейімделуі төмен балалармен жеке әңгімелесу.* | *қорытындысын жасау;*<br>*Ата-анасына баланың жетістіктерін қысқаша жеткізу.* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала тәрбиесіне кеңес беру.* | | | | |
| | *Таңертеңгі жылы сөз бен мейірім – баланың көңіл-күйіне қуат беретіні жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:** Баланы балабақшаға әкелгенде күлімдеп, жылы сөзбен шығарып салыңыз.* | *Тазалық – денсаулық кепілі, мәдени-гигиеналық дағдыларды бала күнде орындауы тиіс екендігі жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:** Үйде қол жуу, тіс тазалау, киімін ұқыпты ұстауды ескертіңіз.* | *Әдептілік – ата-анадан басталатыны, бала үлкенді сыйлауды үлгі арқылы үйренетіні жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:** «Рахмет», «өтінемін», «кешір» сөздерін жиі қолданыңыз.* | *Сөйлеу мәдениеті – отбасындағы әңгімеден қалыптасатыны жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:** Балаға ертегі оқып беріп, өз ойымен бөлісуге мүмкіндік жасаңыз.* | *Отбасы – баланың алғашқы мектебі, құндылықтар отбасынан басталатыны жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:** Демалыста балаңызбен бірге пайдалы іс жасаңыз, бірге уақыт өткізіңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығармашылық, | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын:***<br>***«Не қайда тұрады?»***<br>***Мақсаты:** Ойын арқылы жануарларды өз мекеніне орналастыра* | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын:***<br>***«Қай жануар артық»***<br>***Мақсаты:** Берілген суреттен артық жануарды тауып, сипаттап айта алады.* | ***Картотека №13***<br>***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»***<br>***Ойын шарты:** әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінің сұрайды. Олардың немен* | ***Картотека № 16***<br>***«Үй жануарлары***<br>***Ойын шарты:***<br>*балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі.*<br>*Олардың қалай аталатынын, қалай* | ***Картотека №17***<br>***«Сөйлемді жалғастыр»***<br>***Ойын шарты:** бір бала сөйлемнің басын бастайды, басқа балалар сөйлемді баяқтауы керек.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| эксперимент ал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | *алады.* | | *қоректенетінің айтқызады.* | *дыбыстайтынын,қалай күтуге болатынын айтқызады.* | |
| | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы дамыту жаттығулары орындап, баланың бұлшықеттерін нығайтып, қимыл-қозғалысын жетілдіру.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Әрбір ас – еңбекпен келген несібе. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Асықпай шайнаймыз, ауыз толғанда сөйлемейміз.* | ***Әңгіме:*** *– Асқа отырмас бұрын қолымызды таза жуамыз. Суды үнемді қолданамыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты абайлап ұстаймыз, сындырмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әрбір ас – бағалы.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Артық ас алмаймыз, табақта қалдырмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Тамақтанып отырғанда орнымыздан тұрмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасықты қатты салмаймыз.* |
